С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.3. – Б.86-88

ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Раул М.

Бүгінгі күннің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін барлық жағдайлар жасау керектігі, және әлемдік отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді меңгеру» –деп «Білім туралы» заңында көрсетілген.

Осындай құндылықтарға кіретін М.О.Әуезовтің педагогикалық мәдени мұрасын жастарды тұлға ретінде тәрбиелеуге маңызды проблема болып саналады.

Соңғы жылдары қазақ халқының педагогикалық ой-пікірлерінің даму тарихына арналған зерттеу ісімен Г.Л.Ахмедов, А.Ю.Сеидов , А.Ш.Гашимов т.б. (Әзірбайжан); Х.Х.Тллашев, Н.Сафаров, З.Г.Нуритдинов, У.Алеуов т.б. (Өзбекстан) К.Пирлиев, А.А.Курбанов, Г.О. айналысуда.

К.Б.Жарықбаев, Ш.Ж.Жұматаев, А.Н.Ильясова, А.И. Измайлов, А.К.Көбесов, С.Қ.Қалиев, А.М.Құдиярова, К.Қ.Құнантаева, И.Б.Мадин, К.Б.Сейталиев, І.Р. Халитова, Т.Т.Тәжібаев, А.Тұрсынов, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Ибраева, Г.А.Уманов, Г.М.Храпченков т.б. сынды Қазақстан ғылымдарының педагогикалық ой-пікірдің және халық ағарту ісінің тарихына арналған ғылыми еңбектері мен диссертациялық жұмыстарының қарастырылып отырған тақырыпты зерделеудегі мәні ерекше болды. Бұл еңбектерде қазақ этнопедагогикасының ғылыми-әдіснамалық негізі анықталып, оның құрылымдық-логикалық үлгісі берілген, қазақ этнопедагогикасының этнопсихология және этнофилософия мен сабақтастығы дәлелденген.

Еңбек нақты деректерге сүйеніп жазылғанымен, М.О.Әуезовтің энциклопедиялық еңбектеріндегі халықтық тәлім-тәрбие терең зерттеліп зерделенбеген. Соңғы жылдары этнопсихология саласында да бірқатар еңбектер жарық көргенімен, оларда халықтық педагогика мен психологияның ілкі бастаулары, қалыптасуы, ұлттық тәлім-тәрбиенің, сана-сезімінің, ой-өрісінің ерекшелігі, ғылыми-педагогикалық негіздері туралы мәселе көтеріле қойған жоқ. Сондықтан зерттеу еңбегімізде Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылығының жоғарыда аталғандай, жете айтылмай келе жатқан бір қырына – оның алғашқы қазақ жастарының тұңғыш авторларының бірі, дарынды әдіскер-ұстаздығына, қазақ жастарының этникалық ерекшеліктерін ескере отырып оқулықтар жазғанына мән беріледі. Қазақ

даласындағы педагогикалық ой-пікірлерінің қалыптасып дамуына, оқу-білім саласын өркендеуіне, халықтың сауатын жаңа деңгейге көтеруге ерекше үлес қосқан аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің дамытушы, филология ғылымдарының негіздерін қалаушы, ұлттық тәрбиенің шаңырағын көрген ағартушы –педагог, М.О.Әуезов(1897-1963) еді. Ол қазақтың оқу-ағарту, ғылым-білім тарихында нағыз халықтық мәндегі ұлттық оқулықтар жасап, өміршең өркениетке жеткізу керек деген.

М.О.Әуезов ана тілі мен әдебиеттің сыр-сипатын жете біліп, өзіндік ерекшеліктері туралы арнайы оқулықтар, зерттеулер жазған. Білікті маман, ғалым-педагог кадрлардың жетпеуі салдарынан көрнекті қаламгерлеріміз оқулық жазу ісіне тартылды. Осындай күрделі жаңғыруларға толы болған, өзінің тәрбиелік ой-пікірлерімен, ұлағатты істерімен ерекше көзге түскен ұлт зиялыларының бірі еді.

М.О.Әуезов бірқатар жауапты қызметті атқара жүріп, ұлттық тәлім-тәрбиелік көзқарасты қалыптастыруға, жалпы білім беретін орта және жоғары мектеп жүйесін дамытуға, ол үшін төл оқулықтар кешенін даярлауға, сол арқылы ұлттық ғылыми тіл, әдебиет саласындағы анықтамаларды жасау, қазақ әдебиетін үлкен кәсіби биікке, жоғары деңгейге көтеру ісіне белсене қатысты. Ағартушының ана тілінде, орыс тілінде сан алуан оқулықтары, оқу құралдарын шығаруы, сонымен бірге көркем әдебиеттің әр түрлі жанрларының дамуына белсене үлес қосуы, сонымен бірге жалпы жұртшылықтың, әсіресе, жас ұрпақтың ой-санасын, рухани мәдениетін тәрбиелеуге ықпал етті.

Кез келген көркем туынды міндетті бір тәлім-тәрбиелік жүкті көтеріп тұратыны белгілі. Ал қаламгер сол өзі көздеген тәлім-тәрбиелік мақсатты жүзеге асыруға әрекет етеді. М.Әуезовтің шығармашылық жолы мен оның педагогикалық іс-әрекеті қатар жүргені белгілі. Оқу кітаптарын, әдеби шығармаларын жазуы –сол кезеңдегі дәуірдің қажеттілігінен туған еді. Міне, сондықтан да жазушы шығармашылығы жалпы орта білім беру жүйесінің барлық буындарына арналып шықса, жоғары оқу орындарына да арнайы оқулықтар жазған.

Уақыт өткен сайын күн тәртібіне қарай алға қойылатын жаңа талаптарға сәйкес бұл бағыттағы ізденістер әрі қарай ұласатыны сөзсіз.

Біздің міндетіміз – жалпы білім беретін шығармашылығына тәлім-тәрбиелік тұрғыда талдау жасай отырып, оның қазақ педагогикасы мен ұлттық психология ғылымынан алатын орнын анықтау, педагогикалық ой-пікірлерін саралап баға беру.

М.Әуезов әрбір саяси-әлеуметтік, мәдени мәні бар мәселелер жөнінде жиі толғанып, өзі өмір сүрген кезеңнің іргелі, келелі жайттарын тереңдеп сынап, жалпы жұрттың назарына шығарып отыратын. Оның шығармашылық мұрасында қамтылған тақырыптар: халық өмірі, салт-дәстүрі, сана сезімі, оқыту мен тәрбиелеу сияқты сан алуан мәселелер. Жазушы бүкіл елінің, туған халқының рухани мәдениетінің дамуында оқыту мен тәрбиелеу ісінің мәселесінің маңызы зор екендігін біле отырып, тәлім-тәрбиелік іске назар аударған. Сондықтан да оның бар саналы ғұмырында, оқу-тәрбие жұмысы жөнінде пайымдаулар, тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер ерекше орында болған. Осыған орай, жазушы ұлттық педагогика мен психология ғылымдарының

салаларына үлкен үлес қосқан.Ол күнделікті өмірдің өзінде оқу-білім, халықты сауаттандыру іске араласты.

1. М.О.Әуезов ерекше көңіл аударған тақырыбы – қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін айқындап**,** оның өмір тәжірибесі арқылы тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық құралы ретінде қарастыру. Осыған орай, ол қазақ халқының тарихи қалыптасқан ерекшеліктерін ескере оқулықтарын құрастырған. Жазушы оқулықтарында қазақ халқының ақындық қасиеттері, шешендік өнері, қолөнері, ән, би өнерлерінің қазақ балаларын өнерпаздыққа,инабаттылыққа, меймандостыққа, қайырымдылыққа, дарындылыққа бейімдейді.

2. Жазушының басты тақырыптарының біріне айналған – ата-ана тәрбиесі. Ана - өмір тірегі, әрбір үйдің ұйтқысы, отбасының берекесі, өмірдің жалғастырушысы.Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық дәстүрін баласынан немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дарытушы, ырысты ынтымағын, береке бірлігін, ағайын-туыстың татулығын іске асыратын қазақ әйелі.

3. М.О.Әуезов мақалаларында оқу-білімге қумарлыққа, адамгершілікке, адалдыққа, ақыл-ой тәрбиесіне бейімдейді. Қаламгер жазбаларында адам, қоғам, еңбек, тәрбие, махаббат, достық, бауырмалдық, әдебиет, тіл, өнер секілді тақырыптарға байланысты ой-пікірлері орын алады.

4. М.О.Әуезов сол кездегі өзекті мәселелерінің бірі – тіл. Халықтың қоғамдық өсу, өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып, ана тілінде сақталып отыратынына көңіл болу керектігін ескереді. Қаламгер тіл байлығын пайдалануда үнемі есте болатын мәселелерді қадап айтады: сөйлеу-сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу, тіл мәдениеті, тіл диалектикасы, тіл тазалығы т.б.

5. Қазіргі мектепте қайтадан орын алған маңызды тақырыптардың бірі – имандылық тәрбиесі. М.О.Әуезовтің мұрасында осындай көзқарас діни сана, діни сенім-наным, діни ұғымдардан тұратын әлеуметтік –рухани жүйені құрайтынын түсіндіруге мақсат қойылған. Қаламгер шығармаларындағы жастар назарына ұсынылған діни ұғымдар, наным-сенімдер, дінге қатысты мақал-мәтелдер, айшықты сөздер, діни терминдер, фразеологизмдер шәкірттердің имандылық көзқарастарының қалыптасуына жағдай жасайды. Сондықтан діни наным әр кезде барлық адамгершілік мұраттарды, жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды, гуманистік ой-пікірлерді көпшіліктің меңгеруінің, қабылдауының ең пәрменді тәсілі болып қызмет етеді. Себебі күллі адам баласының даму тарихы, өсіп-өркендеуі, қалыптасып жетілуі дінмен етене байланысты. Осыған орай, имандылық тәлімдері негізінен діни тағылымдар мен халықтық педагогика арқылы жүргізіледі. Дін – ізгілік көзі дейтін болсақ, дінге сенім ізгілікке, жақсылыққа бағыттау болып табылады. Сондықтан зерттеу еңбегімізде жоғарыда айтылған мәселелерге орай казіргі әлемдік жаһандандыру, жаңару кезеңінде жастарды бүгінгі күн талабына сай халқының қамқоршы азаматы, гуманистік бағытта тәрбиеленген, өзінің туған елін Отан-анасын қорғаушы, білікті, білімді, озық тәжірибелі ұрпақ тәрбиелеуге наза аударған абзал.